

1. Жұмыс және жұмыстан тыс уақыт

Тақырып 8.Еңбектің және демалыстың рационалды режимдер.

1.Жұмыс және жұмыстан тыс уақыт.

2.Еңбек пен демалыстың ішкі ауысымдық және тәуліктік режимдері.

Жұмыс уақытын тиімді пайдалану қоғам, еңбеккерлер ұжымы және жекелеген жұмысшылар арасындағы қатынастың ерекше формасын сипаттайтын маңызды экономикалық проблемалар қатарына жатады. Жұмыс уақыты қоғамдық категория ретінде келесідей қызметтерді орындайды:

- жұмыс уақыты еңбек шарасы болып табылады, яғни тәжірибеде уақыт мөлшерін, өндіру мөлшерін немесе қызмет көрсету мөлшерін, сондай-ақ басқарушылық мөлшерін бекіту жолымен анықталады.
- тауарлы өндіріс жағдайында жұмыс уақыты құндық шарасы болып табылады;
- үшіншіден, жұмыс уақыты міндетті түрде мемлекетпен бекітілетін еңбек мөлшерін анықтай отыра басқарулық функцияда көрінеді.

Жұмыс уақытының қоры –бұл бір жұмысшының жыл, тоқсан , ай ішіндегі жоспарланған немесе нақты жұмыс уақытының жиынтығы (сағат немесе адам-сағат, күн немесе адам –күн өлшенеді).

Жұмыс уақыты қоры күнтізбелік, номиналды, пайдалы болып бөлінеді.

Күнтізбелік жұмыс уақыты қоры жоспарланған немесе есепті кезеңдегі күнтізбелік саны (365).

Номиналды жоспарланған немесе есепті кезеңде күнтізбелік қордан демалыс және мереке күндерінің алынып тасталуы.

Пайдалы –осы кезеңде жұмыс уақытының номиналды қорынан жұмысқа шықпай қалған күндерді алып тастау арқылы анықталады.

Уақыттың жалпы күнтізбелік қоры екі бөліктен тұрады: жұмыс және жұмыстан тыс уақыт.

Жұмыс уақыты деп жұмысшы жеке еңбек келісім шарты ережелеріне сәйкес еңбек міндеттемелерін орындауға міндетті уақыт.

Жұмыстан тыс уақыт –жұмыс уақыты алынып тасталған уақыттың күнтізбелік қорының бөлігі.

Жұмыстан тыс уақытты бос емес , бос және ұйқы уақыты деп бөлуге болады.

Бос емес жұмыстан тыс уақыт –жұмысқа бару және одан қайту уақыты , тұрмыстық қажеттіліктерге жұмсалатын уақыт: дүкенге бару, тамақ әзірдеу, киім тігу және т.б.

Бос уақыт – бұл белсенді және енжар демалыс уақыты, мәдени орындарына, демалыс орындарына бару, творчествомен шұғылдану .

Еңбекті ғылыми ұйымдастырудың маңызды міндеттерінің бірі еңбек пен демалыстың режимдерін жетілдіру. Ауысым кезінде кәсіпорын жұмысшысы демалу үшін үзілістерге шығуы қажет. Бұл жұмысшы шаршаған кезде оның өнімділігі төмендеуімен негізделеді. Жұмысқа кіріскен кезде жұмысшының құлшынысы төмен болады. Біртіндеп организм үйрене бастайды. Бұл кезең бір сағатқа созылады, кейіннен 3-4 сағат тұрақты жұмыс қабілеттілігі жалғасады. Жұмыс күнінің ортасында жұмыс қабілеттілігі төмендейді . Бұл уақытта түскі үзіліс қажет.

2. Еңбек пен демалыстың ішкі ауысымдық және тәуліктік режимдері

Ішкі ауысымдық және тәуліктік режимдер.

Еңбек және демалыстың дұрыс режим проблемасын шешу кезінде еңбекті ұйымдастыруға әсер ететін көптеген түрлі факторларды ескеру қажет. Жұмыс күні кезінде еңбек пен демалыстың ішкі аусымдық және тәуліктік режимдерін бөліп қарастырады. Еңбек пен демалыстың ішкі ауысымдық режимдері ауысым ұзақтығын, үзілістер ұзақтылығын, олардың санын, ауысым уақытында бөлінуін, түскі үзіліс ұзақтылығын анықтайды. Демалыстың тиімді формаларының бірі қызметтің өзге түріне, өзге жұмыстарға ауысу болып табылады. Демалыстың үзілістер жұмыс жағдайын бұзатындай ұзақ бломауы тиіс. Демалыстың формасы - активті және пассивті.

Еңбек пен демалыстың екі ауысымдық режимі нұрлым прогрессивті деп саналады: жұмысты орындау сапасы артады, сондай-ақ техника пайдалану коэффициенті, өндіріске аумақтарды пайдалану артады, жұмыс графикке сай жүзеге асырылады. Жұмыс уақытының тәуліктік қорын реттеу үшін күн тәртібін дұрыс жасау керек.

Күн тәртібі - бұл орындалатын жұмыс пен демалыс үзілістерінің және басталуы немесе аяқталуы көрсетілген түскі астық регламенттелен тізімі. Еңбектің апталық кестесі апта ішіндегі жұмыс күндері санымен сағаттарын, сондай-ақ жұмыс және демалыс күндерінің, ауысымдарының орналасу тәртібін бекітетін кестені білдіреді. Көптеген кәсіпорындарда жұмыс аптасының негізінен екі тип қолданады: 6:1 және 5:2 .Жұмыс апта санын заңмен белгіленген ұзақтығы -40 сағат.

Тест

Сұрақ номері 1 из 40 ▾

Ұпайлар саны: 1 | Барлық ұпайлар: 0 из 40

Халық қайта өңдеуінің келесі түрі бар

- күрделі
- кеңейтілген
- төмен
- тарылған
- жоғары

Жіберу

Щелкните кнопку  **Тест** для редактирования этого теста